

М. Маратов, 2-курс

Ғылыми жетекші — З. М. Сүйеубаева, қылмыстық, қылмыстық-атқару құқығы және криминология кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі, полиция майоры (Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы)

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ АХУАЛЫ

Жалпы жемқорлық түсінігі — қызметтік лауазымды пайдалана отырып, оны жеке мүддеге пайдалану деген мағынаны береді. Жемқорлық, әсіресе, мемлекеттік органдарда қауіпті. Тәжірибе көрсеткендей, жемқорлық мемлекеттік басқару жүйесін бұзады, экономиканың дамуына шектеу қояды, әсіресе экономика саласында ұйымдасқан қылмыстың өсуіне мүмкіндік береді.

«Ең бастысы — әрбір мемлекеттік құрылыстың жанындағы істі, лауазымды тұлғалар пайдаға батпайтындай етіп қою керек» деген пікірді антикалық дана Аристотель айтқан. Ол уақыттан бері екі мың жарымдай жыл өтті, бірақ ең зұлым әлеуметтік жауыздық — сыбайлас жемқорлықты құрту адамзаттың әлі де қолынан келмеді.

«Сыбайлас жемқорлық» түсінігі (латынша *conruptio*) — пара беруді, өзінің қызметтік дәрежесінің лауазымды тұлғасын жеке жою мақсатында тікелей пайдалану деген мағынаны береді. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тарихы 1992 жылдың басынан басталды.

Сыбайлас жемқорлықтың да өзіне тән тарихы бар. АҚШ-та 60—70 жылдары орын алған және «Шейх» операциясы атымен тарихта қалған. ФРБ агенттері «ақша қаптары» шығыс атымен жамылып әрекет ететіндер ірі шенеуніктердің, конгрессмендердің, штат губернаторларының кеңселері мен кабинеттерінде пайда болды және оларға пара беріп, адалдықтарын және сатқындықтарын тексерді. Сол жолғы жанжал әсерлі болды, көптеген адамдардың өз мансаптарын тастауға, жоғары дәрежесі лауазымдарымен қош айтысуларына тура келді.

Бүгінгі күні Сингапур мен Гонгконгте қылмыс үшін жазалағаннан, ең дұрысы оның алдын алу принципі бойынша әрекет етеді. Бұл елдерде алдын алу шараларына көп көңіл бөлінеді. Оның үстіне сыбайлас жемқорлыққа айыпталушыға кінәсіздік презумпциясының принципі қолданылмайды, ол өзінің кіріс көздерін түсіндіруге міндетті. Германия мен Францияда сыбайлас жемқорлықпен ұсталғандар 6 жылдан 10 жылға дейін сотталуы немесе пара сомасынан екі есе көп айыппұл төлеуі мүмкін. АҚШ-та осындай қылмыс үшін 5 жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады (немесе 10 мың долларға дейін айыппұл). Жапонияда жеті жыл.

Ең қатал жаза қазіргі Қытай елінде қолданылады. 1980 жылдардың басында қатаң экономикалық қылмыс жасалған үшін Қытай Қылмыстық кодексінде «ату баптары» күрт көбейді. Қазір Қытайда сыбайлас жемқорлықтың үшін өмірлік сотталу немесе өлім жазасын алуға болады. Оңтүстік Кореяда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлаған адамға, анықталған сомандан пайыздық ақы төленеді. «Табысты хабарлаушылардың» көпшілігі — бұзушылықтардың әріптестері. Жаңа Зеландиялық үлгі,

мемлекеттік органдар қызметкерлері еңбекақысының жоғарылығымен сипатталады. Бонустар мен мадақтау жүйесі кең қолданылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің бірнеше әдістерін ұсынып отырмыз:

- заңды қатайтып және оның орындалуын қатаң қадағалау, сол арқылы жазалау қаупін күшейту;
- лауазымды адамдарға ережелер мен заңдарды бұзбай өздерінің кірістерін көбейтуге мүмкіндік беретін экономикалық механизмдерді туғызу;
- нарық пен бәсекелестің рөлін күшейту, сол арқылы сыбайлас жемқорлықтан түсетін ықтимал пайданың көлемін азайту!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес — бұл үздіксіз процесс. Біздің ел — ТМД елдерінің ішіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы арнайы заң қабылдаған бірінші және бірден-бір мемлекет. Алайда БҰҰ жүргізген зерттеулер бойынша сыбайлас жемқорлықты қабылдау түсінігі бойынша Қазақстан 29 ұпай жинап, 131-і орынды иеленіп отыр.

Сыбайлас жемқорлықты алдын алу мақсатында қолдануға болатын шараларға тоқтала кетсем. Менің ойымша, ең бастысы барлығы тәрбиеден басталады. Яғни, баланы арнамыс, елге деген сүйспеншілік сезімін ояту, патриоттыққа үйрету жөн. Себебі, адамдарда осы қасиеттің жоқтығынан жемқорлыққа барады.